

КОНСТИТУЦИЯ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



ТҰРПАТ- ҚАЗАЛЫ

№74
(2245)
Жұма
30 тамыз
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЛАРЫ



Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаңызды тарихи мәні зор, мерейлі мереке – Қазақстан Республикасы Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ата заң – егемен еліміздің дербестігі мен саяси тұрақтылығын сипаттайтын тарихи құжат. Мұнда мемлекетіміздің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың мақсат-міндеттері көрсетілген. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының мемлекет мүддесінен жоғары қойылуы Ата Заңның басты ұстанымы болып табылады.

Бір шаңырақ астында жүзден астам ұлт пен ұлысты ұйыстырып отырған Қазақстан Республикасындағы барша азаматтардың негізгі сүйенері де, қорғаны мен қамқоршысы да Ата заңымыз десек жарасымды.

Қадірлі жерлестер!

Айтулы мерекеде баршаңыздың отбасыларыңызға амандық пен саулық, елімізге бейбітшілік пен тыныштық, ауызбіршілік тілеймін.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз еңселі, бірлігіміз бекем болғай!

Құрметпен,

Қазалы ауданының әкімі

М.Шермағанбет

Құрметті ұстаздар!

Қымбатты оқушылар мен ата-аналар!

Баршаңызды 1 қыркүйек – Білім күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мейрамның әрбір адам өмірінде алар орны ерекше. Әсіресе, мектеп табалдырығын тұңғыш аттайтын балалардың жүрегінде осы күн мәңгіге сақталады. Ал, ұстаздар үшін жаңа бастамалар мен ізденістердің, жаңа идеялардың символы.

Еңбектің ең үлкені –

Білім! Әлемдік өркениетке бет алған бүгінгі еліміздің болашағы да білім мен тәрбиеге тікелей байланысты. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы саланың жандануына ерекше көңіл бөліп келеді.

Қадірлі ұстаздар!

Қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаев «Білімдінің сөзі – ем, мейірімі көп, өзі кең!» деп бекер айтпаған. Сондықтан жаңа оқу жылы баршаңызды жаңа жетістіктерге жетелесін! Білім баспалдағын алғаш аттағалы отырған бүлдіршіндерге ақ жол тілеймін.

Қиын да күрделі қызметте жүрген ұстаздар қауымының дендеріне саулық, ұрпағымызға сапалы білім, саналы тәрбие берудегі міндеттерін мінсіз, абыройлы атқаруларына тілектестігімді білдіремін.

Мереке құтты болсын!

Құрметпен,

Қазалы ауданының әкімі

М.Шермағанбет



АТА ЗАҢЫМЫЗҒА -29ЖЫЛ!



Конституция күні-маңызды мемлекеттік мереке. Елімізде 1995 жылдан бері 30-шы тамыз - Конституция күні болып аталып келеді. Биыл Ата Заңымызға 29 жыл толып отыр. Осыған орай, Әйтеке би кентіндегі Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында «Адал азамат. Тәртіпті қоғам» атты мерекелік шара өтті. Шарада алдымен ҚР-ның Мемлекеттік Туы мен Ата Заңы кіргізіліп, ҚР -ның Мемлекеттік Гимні орындалды.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет жиналған көпшілікті мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Мерекеде аудан басшысы Қазалы аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Талайлы Бөріқұлақов пен қаржы саласының ардагері Кемалбай Көпжасаровқа ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік Кірістер комитетіне 10 жыл толуына орай төсбелгісін табыстады. Сонымен қатар, бірқатар сала мамандарын облыс, аудан әкімдерінің «Алғыс хаттарымен» марапаттады.

Мерекелік шара аудандық мәдениет үйінің өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасын тапты.

**Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»**

15 ҚЫРКҮЙЕК – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН «АЛҒА» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

«Алға» ауылдық округі әкіміне кандидат Бегалиев Алмас Усеиновичтың ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Бегалиев Алмас Усеинович 1970 жылы 5 ақпанда Қазалы ауданы, Ү.Түктібаев ауылында дүниеге келдім. 1977 жылы Ү.Түктібаев ауылындағы №88 қазақ орта мектебінің бірінші сыныбына барып, 1987 жылы оныншы сыныбын бітірдім. 1987-1988 жылдары Ү.Түктібаев ауылында жұмысшы болып еңбек жолымды бастадым.

1988-1990 жылдары әскери қызметімді Қырғызстан Республикасында өтедім.

1991-1993 жылдары Қарағанды қаласындағы НКМЗ зауытында жұмысшы болып еңбек жолымды жалғастырдым.

1993-1994 жылдары Қарағанды қаласының «Ленинск» ішкі Істер бөлімінде қызмет атқардым.

1994-1998 жылдары Қарағанды ішкі істер Жоғарғы милиция мектебінде оқыдым.

1998-2017 жылдары Қазалы аудандық ішкі істер бөлімінде қызмет атқардым.

2018-2023 жылдары «Шолпан» шаруа қожалығы басшысының орынбасары, 2024 жылдан бастап осы шаруашылықтың басшысы қызметін атқарып келемін.

Жанұялы, 2 қыз, 2 ұл тәрбиелеп отырмын.

«Алға» ауылдық округі әкіміне кандидат Бегалиев Алмас Усеиновичтың сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

ҚР Президентінің саясатын ауылдық округ тұрғындарына насихаттау, мемлекеттік бағдарламалардың елді мекендерде жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге, елді мекеннің әлеуметтік және экономикалық дамуына жағдай жасауға бар күш жігерімді саламын.

1.Ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайларының жақсы болуы-негізгі міндетім болып табылады. Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыру мақсатында тұрмысы төмен отбасыларды анықтап, әрбір отбасыға әлеуметтік карта жасап, ашылған жаңа жұмыс орындарына тұрмысы төмен отбасы мүшелерінің жұмыс істеуіне қоғамдастық мүшелері арқылы келісімін алуына ықпал жасаймын;

2.Ауыл шаруашылығы бойынша ауылдың ерекшелігіне байланысты мал шаруашылығын жандандыруға, мемлекеттік бағдарламалар арқылы несие алуға жәрдемдесуге ықпал жасаймын. Шаруа қожалықтарын ашуға жұмыс істеуге, малдардың түрлі жұқпалы ауруларына байланысты тиісті мекемелер арқылы шешілуіне ықпал жасаймын. Мал жайылымдық жерлерге су апару, ауыл маңайындағы көлдерді суландыру басты назарда;

3.Ауыл тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін аяқ-су жолдарын шешіп, ауыл сыртынан бақша егуді ұйымдастырамын. Жер дайындау жұмыстарына қажетті техникамен қамтамасыз етуге жұмыс атқарамын;

4.Елді мекенді көркейту, көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарына байланысты аяқ су жолдарын тазалауды ұйымдастырамын. Әр жыл сайын 0,5 гектар көлемінде жасыл белдеу жасап, 500 түп көлеңкелі ағаш отырғызу үшін жұмыс істеймін; Ауыл көшелерін жарықтандыруға ықпал етемін;

5.Ауыл көлемінде жастар саясатын жүйелі жүргізу мақсатында олардың демалысын өз деңгейінде ұйымдастыруға, мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға ықпал жасаймын. 2027 жылы Ү. Түктібаев батырдың туғанына 110 жыл толу мерейтойы аясында өз дәрежесінде мәдени іс-шаралар өткізілуіне, ауыл орталығының клубы маңынан Ү. Түктібаев бағын ашуға ықпал етемін;

Жастар арасындағы жұмыссыздықты азайту мақсатында кәсіпкерлікті дамытуды қолға аламын. Кәсіп ашып, жаңадан жұмыс істейтін жастарға бизнес-жоспарларын дайындап, тиісті мекемелер арқылы жеңілдетілген несие алуына, қайтарымсыз грант алуына жәрдемдесемін;

Ауылдың тазалығы басты назарда болады, ол үшін ауылшілік көшелерге кезең-кезеңімен жөндеу жұмыстарын жүргізуге, тротуар салдыруды үйлестіремін.

«Алға» ауылдық округі әкіміне кандидат Ерболат Бауыржан Ерболатұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Ерболат Бауыржан Ерболатұлы 1995 жылы 24 маусымда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қаласында дүниеге келдім. Ұлым қазақ.

2002 жылы Қ.Нұрмаханов атындағы №95 орта мектебінің 1-сыныбына қабылданып, 2013 жылы аталған мектептің 11 сыныбын бітіріп, сол жылы Қ.И.Сәтбаев

атындағы Қазақ ұлттық техникалық-зерттеу университетіне оқуға түстім. 2017 жылы аталған университетті «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша бітіріп шықтым. 2017 жылдың 13 қыркүйегінде Қазалы ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару (кадр жұмысы) бөлімінің әдіскері болып жұмысқа қабылдандым.

2020-2022 жылдары Қазалы қаласы әкімі аппаратының жетекші маманы, Қазалы ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару бөлімінің бас маманы қызметтерін атқардым. 2022 жылдың 2 желтоқсанынан бастап Қазалы ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару бөлімінің бас инспекторы болып қызмет атқарамын. Қазалы ауданы, Қазалы қаласы, Е.Бөлекбаев көшесі, №30 үйдің тұрғынымын.

«Алға» ауылдық округі әкіміне кандидат Ерболат Бауыржан Ерболатұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

•Ауылдық округі әкімінің құзіретін пайдалана отырып, округ тұрғындарының жағдайын жақсарту бағытында тұрақты жұмыс атқару;

•Уақыт талабына сай жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бағытында жұмыс істеп, жергілікті қауымдастық, ардагерлер кеңесі, отбасы және әйелдер ісі кеңесі, жастар ісі сияқты қоғамдық ұйымдардың жұмысын дамыта отырып, мемлекеттік басқарудан халықтық басқаруға қол жеткізу. Жергілікті жерде қоғамдық бақылауды енгізу арқылы ауылдағы ахуалға ауыл тұрғындарының ықпалын арттыруға қол жеткізу.

•Жұқпалы мал ауруларының алдын алуда қолданыстағы мал қорымдарын қалыпқа келтіру, болмаған жағдайда жаңадан салғызу;

•Төменгі пайызды несие-лер арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту;

•Шаруа қожалықтарының жұмысының уақыт талабына сай ұйымдастырылуын қадағалай отырып, мал басын асылдандыру, мал бордақылау алаңдарын ашып, шаруашылықтың тиімділігін арттыру мақсатында кооперативтер құру;

•Мектеп жасындағы және

мектепке дейінгі балалардың тәрбиесіне мән бере отырып, олардың жазғы демалысын ұйымдастыру;

•Ауыл тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын қадағалау. Аз қамтамасыз етілген отбасылардың, қарттар мен мүгедектердің тұрмыс жағдайларын тұрақты түрде назарда ұстау. Мұқтаж жандарға көмек ұйымдастыру;

•Ауыл мәдениетінің дамуына, абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу.

•Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында, шаруа қожалықтарына төмен пайызда несие алуға көмек жасау;

•Жылқы және қой шаруашылығының жұмысын жандандыру, қымыз өндіру өнімін ұлғайту;

•Мал басын асылдандыру бағытында жұмыс істеу, жағдайы төмен отбасыларға шаруа қожалықтарының демеушілігі арқылы жұмыс істеулеріне, әлеуметтік жағдайын жақсартуға қолдау көрсету;

•Округ тұрғындарының салауатты өмір салтын ұстануына, бос уақытын тиімді пайдалануына күш саламын.

15 ҚЫРКҮЙЕК – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН «ТАСАРЫҚ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

«Тасарық» ауылдық округі әкіміне кандидат Карибаев Алмухан Ергалиевичтың ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Карибаев Алмухан Ергалиевич 1964 жылы 14 ақпанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бозкөл ауылдық кеңесінде дүниеге келдім. 1970 жылы «Кәукей» ауылындағы №225 орта мектептің табалдырығын аттап, 1 сыныпқа қабылдандым. 1973 жылы «Тасарық» ауылындағы №238 сегіз жылдық мектептің 3 сыныбында оқуымды жалғастырып, 1979 жылы аталған мектептің 8 сыныбын бітірдім.

1983-1985 жылдары әскер қатарында Отан қорғау жолындағы азаматтық борышымды өтедім.

1985 -1991 жылдары Қазалы ауданы, «Қазалы» совхозында құрылыс жұмысшысы, құрылыс

қоймашысы, 1991 -1993 жылдары Қазалы ауданы, «Бозкөл» совхозының №3 фермасының аға жұмысшысы, 1993 -1997 жылдары №1 ферманың аға жұмысшысы, 1997-2000 жылдары «Тасарық» шаруа қожалығында есепші қызметін атқардым.

2007 -2010 жылдары «Тасарық» ауылдық округі әкімі аппаратының техникалық жұмысшысы, іс-жүргізушісі, 2010 жылдың 15 наурызы -2010 жылдың 8 қарашасы аралығында «Тасарық» ауылдық округі әкімінің аппаратының бас маманы міндетін уақытша атқарушы, 2010-2012 жылдары «Тасарық» ауылдық округі әкімінің аппаратының іс-жүргізушісі, 2012 жылдың 14 маусымы-2012 жылдың 14 тамызы аралығында «Тасарық» ауылдық округі әкімі аппаратының уақытша жетекші маманы, 2012-2015 жылдары «Тасарық» ауылдық округі әкімінің аппаратының жетекші маманы, 2015-2020 жылдары «Тасарық» ауылдық округі әкімінің аппаратының бас маманы, 2020 -2021 жылдары «Тасарық» ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы, 2021 жылдың 5 наурызынан бастап осы кезге дейін «Тасарық» ауылдық округі әкімі болып қызмет атқарып келемін.

«Тасарық» ауылдық округі әкіміне кандидат Карибаев Алмухан Ергалиевичтың сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

-ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың сарабдал саясатын ауылдық округ көлемінде тиісті деңгейде жүзеге асыруға барлық күш-жігерімді саламын.

-Халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және тұрғындардың ауылдық округ әкімі аппараты тарапынан көрсетілетін қызметтерге тең қол жеткізуін қамтамасыз ету;

-Округте ең өзекті мәселелердің бірі- «Бозкөл-Тасарық» 22 шақырым автожолының асфальтталуына бар күшімді саламын.

-Округ көлеміндегі елді мекен көшелерінің басымы көпшілігі көше жарық шамдарымен жарықтандырылуы, енді қалған көшелердің жарықтандырылуын аяқтауға жұмыс істеймін.

-Ауылдық клуб ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу немесе жаңадан салуға сала мандарымен бірлесіп жұмыс атқарамын;

-Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын ашуға күш саламын. Ауылдық округте салық салу базасын ұлғайту бағытындағы

жұмыстарды ұйымдастырамын. Бюджетке төленетін салықтық және салықтық емес түсімдер көлемінің артуына тиісті шаралар қабылдаймын.

- «Бозкөл-Тасарық» автожолының «Лахалы» елді мекеніне баратын 7 шақырым жолға қиыршық тас төселуіне ықпал етемін.

-Азық-түлік қауіпсіздігін сақтау, тұрғындардың өзін-өзі бау-бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында бақша, көкөніс егумен айналысатын тұрғындарды қажетті жер телімдерімен, аяқ су жүйелерімен қамтамасыз ететін боламын;

-«AMANAT» партиясының «Ауыл аманаты» жобасына сәйкес округтегі кәсіп ашамын деген азаматтардың, шаруа қожалықтарының, жеке кәсіпкерлердің жеңілдетілген несие алуына тиісті мемлекеттік органдар арқылы жәрдемдесемін;

-«Келісіп пішкен тон келте болмас» дегендей, елді мекеннің барлық түйінді мәселелері жергілікті қоғамдастық, ардагерлер ұйымы, әйелдер кеңесі, жастар ұйымы, тағы басқа азаматтық қоғам өкілдерімен бірге келісіп шешілетін болады.

«Тасарық» ауылдық округі әкіміне кандидат Серикбаев Талгат Сериковичтың ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Серикбаев Талгат Серикович 1991 жылы 11 мамырда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жаңақазалы қыстағында (қазіргі Әйтеке би кенті) дүниеге келдім. Ұлтым қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын. 1997 жылы В.М.Счастнов атындағы №249 орта мектептің табалдырығын ат-

тадым. 2008 жылы №249 орта мектептің 11 сыныбын бітіріп, сол жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетіне оқуға түстім. 2012 жылы бакалаврды «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша бітіріп шықтым. 2013 жылдың қаңтар айынан бастап Қазалы аудандық кәсіпкерлік бөлімінде 6 ай жастар тәжірибесінен өттім. Сол жылы «Қарашеңгел ауылдық округі» мемлекеттік мекемесіне әдіскер болып жұмысқа қабылдандым. 2015 жылдың желтоқсан айынан бастап, 2022 жылдың сәуір айына дейін «Майлыбас ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде бас маман болып қызмет атқардым. 2022 жылдың сәуір айынан бастап «Қазалы ауданы әкімі аппараты» КММ-нің ұйымдастыру және инспекторлық бөлімінің бас маманы болып қызмет атқардым. Осы кезге дейін «Ғ.Мұратбаев ауылдық округі әкімі аппараты» КММ-нің бас маманы болып қызмет атқарып келемін.

«Тасарық» ауылдық округі әкіміне кандидат Серикбаев Талгат Сериковичтың сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың сарабдал саясатын округ көлемінде жоғары деңгейде жүргізу үшін ауылдық округ әкімі сайлауына түсуге бел будым.

Біріншіден, «Тасөткел-Тасарық» автожолын асфальттауды қолға аламын. Ол үшін қажетті қаржы бөлдіруге жұмыс істеймін;

Екіншіден, ауылды көгалдандыру мақсатында жасыл белдеу салдырамын. Ауыл тұрғындарын осы жұмысқа жұмылдыратын боламын.

Үшіншіден, округ тұрғындарының мал басын көбейту және асылдандыруға байланысты мемлекеттен субсидия алуын бақылайтын боламын;

Төртіншіден, «Тасарық», «Лахалы» және «Тасөткел» елді мекендерінің тұрғындарының бақша егуіне жағдай жасаймын. Ол үшін қажетті жер алып, техникамен қамтамасыз етуге ықпал етемін.

Бесіншіден, ауылды

көркейту, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын қолға аламын.

Алтыншыдан, жұмыссыздықты азайту мақсатында шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие алып беруге күшімді саламын.

Жетіншіден, ауылдық округке қарасты көл жүйелерін тиімді пайдаланып, балық шаруашылығын дамытуға, балық өңдеу цехтарын ашуға ықпал етемін.

Сегізіншіден, ауыл жастарының уақытын тиімді пайдалану үшін спортпен айналысуына жағдай жасаймын.

Тоғызыншыдан, округтегі клубтар мен кітапханалардың және мектептердің жұмыстарына басшылық жасайтын боламын.

Оныншыдан, округ тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуда, тұрмыс-тіршілігінің дамуына өз үлесімді қосатын боламын.

15 ҚЫРКҮЙЕК – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН «ТАСАРЫҚ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

«Тасарық» ауылдық округі әкіміне кандидат Дайрабаев Сакен Жарылкасыновичтың ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Дайрабаев Сакен Жарылкасынович 1983 жылы 1 наурызда Жамбыл облысы, Меркі ауданында дүниеге келдім. Ұлтым қазақ. 2003-2008 жылдары Сырдария ауданы, Тереңөзек

кентінде «Углесбыт» ЖШС-де экономист, 2008 жылы «Арықбалық» ауылдық округі әкімінің аппаратында бас маманның міндетін уақытша атқарушы, 2008-2009 жылдары «Арықбалық» ауылдық округі әкімінің аппаратында бас маман, 2009 - 2017 жылдары Қазалы аудандық қаржы бөлімінде бас маман, 2017-2018 жылдары Қазалы аудандық ішкі саясат бөлімінде жетекші маман, 2018-2021 жылдары Қазалы ауданының қаржы бөлімінің сектор меңгерушісі, 2021 жылдан осы кезге дейін «Әйтеке би кенті әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құжаттамалық қамтамасыз ету және құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы қызметін атқарып келемін. Әскери міндеттімін, қатардағы жауынгер. Отбасым бар, екі бала тәрбиелеп отырмын.

«Тасарық» ауылдық округі әкіміне кандидат Дайрабаев Сакен Жарылкасыновичтың сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Қазақстан Республикасы Президентінің елдің әл-ауқатын жақсарту жөніндегі стратегиялық бағдарламаларын басшылыққа алып, Мемлекеттік және Үкіметтік бағдарламаларды ауыл округінде іске асыруға жұмыс істейтін боламын.

1. Ауылдық округке қарасты елді мекендердің дамуы-басты бағытым болып табылады.

Ол үшін округке қарасты «Тасарық» және «Лахалы» елді мекендерінің тұрғындарымен кездесіп, алдағы жоспарларды бекітіп алатын боламын.

2. «Лахалы» елді мекеніне кіреберіс жолды жөндеуге және асфальт салуға қаржы бөлдіремін.

3. Округке қарасты «Тасөткел» учаскесінің инфрақұрылымының дамуына ықпал ететін боламын;

4. «Тасарық» пен «Лахалы» елді мекендеріндегі клубтың ескі болуына байланысты, жаңадан клуб салуды қолға аламын;

5. Округ орталығы – «Тасарық» елді мекенінен спорт кешенін салуға ықпал етемін;

6. ҚР Президентінің «Таза

Қазақстан» экологиялық акциясы негізінде округке қарасты елді мекендерде «жасыл белдеу» істеп, тал егіп, ауыл экологиясының жақсаруына өз үлесімді қосамын;

7. Округке қарасты мектептердің білім сапасын көтеруге, материалдық-техникалық базасын жақсартуға күшімді саламын;

8. Ауылдан жастар саябағын салып, бақтың ішін спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етемін;

9. Округке қарасты ауылдардың ұялы байланысын жақсарту мақсатында интернет желісінің қуатын арттыруға жұмыс істейтін боламын;

10. Тұрмысы төмен отбасыларға демеушілік арқылы үнемі көмектесуді қолға алатын боламын;

11. Кәсіпкерлікті дамыту мақсатында шаруа қожалықтары мен өндірістік кооперативтер ашып, салық базасын ұлғайтуға жұмыс атқаратын боламын;

12. Округке қарасты көшелерді түнгі жарықшамдармен қамтамасыз етуге қаржы бөлдіруге ықпал ететін боламын.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА – ЖОЛ ЖОҚ!

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңында, сондай-ақ заңдарда көзделген және белгіленген, тәртіптік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі.

Сол себепті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік қызметкердерде надалдықты, шындықты, заңдылықты сақтауды, сонымен қатар жауапкершілікті талап етеді. Ал ең бастысы адамды адамгершілікке тәрбиелейді.

Сыбайлас жемқорлық Конституция мен мемлекеттің негізгі заңдарына, құқықтық жүйесіне, статусына кері әсерін тигізуде. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттерге, басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз ара-

ласу, аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану, заңда көзделмеген артықшылықтар беру, шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, тағы басқалар жатады.

Алтынбек ҚАЛИЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау
подполковнигі

КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Конституция-осы заманғы мемлекеттіліктің маңызды белгісі, мемлекеттің саяси және құқықтық құжаты болып табылады. Елімізде Конституция күні айтулы мерекелердің бірі. Конституцияның мемлекет тарихында алар орны ерекше.

Конституция ғасырлар бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтарын өз бойына сіңірді. Еліміздің осы уақытқа дейін бағындырған белестері Ата Заңымызбен тікелей байланысты десек артық айтқанымыз емес. Ата Заңды бұлжытпай орындаудың нәтижесінде еліміз біртұтас мемлекетке айналып отыр.

Қазақстанның әрбір азаматы еліміздің негізгі заңының асқақ рухы мен маңызын, Конституцияның қалыптасу тарихын жақсы білуі қажет.

1995 жылдан бастап тойланып келе жатқан мерекеге биыл 29 жыл толып отыр. Еңселі еліміздің айғағына айналған Ата Заңымыз ұзағынан болғай!

Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымыңдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru
Таралымы 11107 дана.